

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 13 тамыздағы N 676 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1997 жылғы 5 мамыр N 708. Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1999.04.26. N 476 қаулысымен. ~P990476

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "ССРО Мемагроөнеркәсібінің Қазақ ССР бойынша Өсімдік карантині жөніндегі мемлекеттік инспекциясын Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі жанындағы Өсімдік карантині жөніндегі Бас мемлекеттік инспекция етіп қайта құру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 13 тамыздағы N 676 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1992 ж., N 32, 497-құжат) мына өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

6-тармақтағы "Карантин лабораториясын" деген сөзден кейін " Республикалық интродукциялық-карантин питомнигін, Республикалық фумигациялық отрядты, Алматы қалалық мемлекеттік және "сөздерімен толықтырылсын";

көрсетілген қаулының "Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі жанындағы Өсімдік карантині жөніндегі Бас мемлекеттік инспекция жүйесіне кіретін кәсіпорындар мен ұйымдардың тізбесі" қосымшасына:

"Республикалық карантин лабораториясы" деген жолдан кейін мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

"Республикалық интродукциялық-карантин питомнигі";

"Республикалық фумигациялық отряд" деген жолдан кейін мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын;

"Өсімдік карантині жөніндегі Алматы қалалық мемлекеттер инспекциясы";

"Аймақтық карантин лабораториясымен қоса өсімдік карантині жөніндегі Ақмола облыстық мемлекеттік инспекциясы" деген жолдағы "Аймақтық карантин лабораториясымен қоса" деген сөз алынып тасталсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы өсімдік карантині жөніндегі мемлекеттік қызмет туралы Бас мемлекеттік инспекция туралы ережеде;

1-тармағының екінші және үшінші абзацтары мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі жанындағы

Өсімдік карантині жөніндегі Бас мемлекеттік инспекция, Республикалық карантин лабораториясы, Республикалық интродукциялық-карантин питомнигі, Республикалық фумигациялық отряд, Өсімдік карантині жөніндегі Алматы қалалық мемлекеттік және облыстық мемлекеттік инспекциялар".

"Республикалық карантин лабораториясы мен Республикалық фумигациялық отрядымен қоса өсімдік карантині жөніндегі Бас мемлекеттік инспекция" деген бөлімінің атауындағы "Республикалық карантин лабораториясы мен Республикалық фумигациялық отрядымен қоса" деген сөздері алынып тасталсын ;

6-тармақтың бірінші абзацындағы "карантин лабораториясы мен фумигациялық отрядымен қоса" деген сөздер алынып тасталсын;

"Өсімдік карантині жөніндегі облыстық мемлекеттік инспекция" деген бөлімінің атауы мынадай редакцияда жазылсын;

"Өсімдік карантині жөніндегі Алматы қалалық мемлекеттік және облыстық мемлекеттік инспекциялар".

10-тармақта:

бірінші-үшінші абзацтар мынадай редакцияда жазылсын:

"Өсімдік карантині жөніндегі Алматы қалалық мемлекеттік және облыстық мемлекеттік инспекцияларын лауазымы бойынша Өсімдік карантині жөніндегі Алматы қалалық және облыстық бас мемлекеттік инспекторлары болып табылатын бастықтар басқарады";

"Өсімдік карантині жөніндегі Алматы қалалық мемлекеттік және облыстық мемлекеттік инспекциялар заңды тұлға құқығына ие, өзінің атауы жазылған елтаңбалы мөрі, бұрыштама және арнаулы мөртаңбалары бар, тікелей Қазмемкарантинге бағынады;

Өсімдік карантині жөніндегі Алматы қалалық мемлекеттік және облыстық мемлекеттік инспекцияларына мынадай міндеттер жүктеледі:";

жиырма үшінші абзацтағы "облыстардың әкімдеріне" деген сөз "тиісті облыстар мен Алматы қаласының әкімдеріне" деген сөзбен ауыстырылсын;

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Теңіз немесе өзен портындағы (кемежайдағы), темір жол станциясындағы, әуежайдағы, почтампттағы және тас жолдағы өсімдік карантині жөніндегі шекара пункті тікелей өсімдік карантині жөніндегі Алматы қалалық мемлекеттік және тиісті облыстық мемлекеттік инспекцияларға бағынады".

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК